

**«Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің тұтынушылар  
алдында 2021 жылы атқарылған қызметтерге кезекті есеп беру  
жиналысының**

**Хаттамасы**

**Жосалы кенті**

**28 наурыз 2022 жыл**

**Жиналыс төрағасы:** «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал»  
СЖКБД филиал директорының орынбасары Е.Ақпаев

**Қатысқандар:**

1. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы Ж.Балмағанбетов.
2. «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының экономикалық – жоспарлау бөлімінің басшысы Ж.Сейтпенбетова
3. Жосалы кентінің әкімі Ш.Сыдықов
4. Өндірістік бөлім басшысы Ә.Қаршыға
5. Өндірістік бөлім басшысының орынбасары С.Қабақов
6. Өндірістік бөлімше инженер-технологы Н.Мамырбаев
7. Өндірістік бөлімше аға шеберлері Ж.Кирбаев, Б.Абишев
8. Көше комитеті П.Өтепова, Б.Төребаева, Қ.Төреев, Ә.Қаракөзеев және кент тұрғындары

**Жиналыс төрағасы Е.Ақпаев:** - «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы атқарылған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімше бастығы Қаршыға Әділетке беріледі.

**Өндірістік бөлімше басшысы Ә.Қаршыға:** - «Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Арал» СЖКБД филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде қазіргі таңда 93 жұмысшы – қызметкер жұмыс атқаруда. Октябрь топтық су құбыры өндірістік бөлімшесіне қарасты Интернационал елді мекенінде 5 ұңғыма, 9 насос станция, 4 елді мекен және 1 кент бойынша 5032 абонентке, 58 бюджеттік және 120 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

III-Интернационал елді мекенінде орналасқан 5 ұңғымадан су өндіріліп, III-Интернационал елді мекенінде 438 абонент, Дүр Онғар елді мекенінде 400 абонент, Иіркөл елді мекенінде 139 абонент, Төребай би елді мекенінде 94

абонент және аудан орталығы Жосалы кентінде 3961 абонентке барлығы-5032 абонентке тұрақты түрде сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр.

2021 жылы 691 252,186 текше метр ауыз су таратылып қаражаты толығымен жиналды. Өндірілген су көлемі – 836 220,21м<sup>3</sup> таратылған су көлемі- 691 252,186м<sup>3</sup>. Судың ысырап көлемі - 144 968 м<sup>3</sup>,немесе 17,34%. Қазіргі таңда, III-Интернационал – Жосалы кенті бағытындағы магистралды су құбырының Иіркөл III-су көтеру насос станциясынан Төребай би елді мекені бұрылысына дейінгі ұзындығы 10 шақырым д-280мм бөлігін қайта жаңғырту және III-Интернационал елді мекеніндегі бас тоғанында электр желілерімен қоса 2 дана ұңғыма бұрғылау және ұңғыма құбырларын ауыстыру бойынша жоба әзірленуде. Себебі, магистралды су құбырының III-су көтеру насос станциясынан Төребай би елді мекені бұрылысына дейінгі 10 шақырым бөлігінің су өткізгіш қабілеті төмен болуына және қажетті қысыммен Жосалы кентіне су көлемін беруге еш мүмкіндік жоқ.

Сонымен қатар, Жосалы кенті Мөлтек, Тәуелсіздік ықшам аудандарының перспективалық дамуын ескере келе, осы екі ықшам ауданның тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін насос станция су қоймасымен, су мұнарасы, магистралды құбыр және Тәуелсіздік ықшам ауданының 7 көшесіне су құбыры салыну қажет етуде.

**Көше комитеті П.Өтепова:** - Пайдаланып отырған ауыз су құны өзгерді ма және қандай өзгерістер болып жатыр?


**Өндірістік бөлімше бастығы Ә.Қаршыға:** - 2022 жылдан бастап ауыз суға төлем еш өзгерген жоқ. Су өлшеуіш құралымен бір айға бір адамға 4,3 текше метр суға шектеу қойылды. Осы 4,3 текше метрден су өлшеуіш құралының көрсеткіші асқан жағдайда толық тариф құны, яғни 507,14 тенге төленеді. Бұл шектеу қойылып жатқан себебі, суды ысырапсыз, үнемдеп тек қажеттілігімізге пайдалану үшін.

### Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылғы қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10<sup>00</sup>ден-12<sup>00</sup>-ге дейін.

Жиналыс төрағасы :

Хатшы:



Е. Ақпаев

С. Қазбек

## ХАТТАМА

Қармақшы ауданы

28 сәуір 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** С. Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Т.Қалиев – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
3. Ш. Сыдықов – Жосалы кентінің әкімі.
5. А.Пірманова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер - экономисті.
6. Ғ. Жарасов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
4. Қ. Ақжігітов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер – механигі.
- 8.Хатшы - Ғ. Есжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Қармақшы ауылының тұрғыны К.Кішкенбаев, Ақтөбе ауылының тұрғыны М. Салқынбаев, Тұрмағанбет ауылының тұрғыны Б. Сүлейменов, тағы басқалар.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың жылдық қорытындысы бойынша реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де

мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Т. Қалиев– бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары С. Нурумбетов тыңдауды ашты.

Т.Қалиев күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

- «Нұра топтық су құбыры», «Арал» СЖКБД филиалының «Қармақшы ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылғы нақты өндірген ауыз су көлемі **230 908** м<sup>3</sup> және таратылған ауыз су көлемі де **197 296** м<sup>3</sup> құрайды. Су шығыны **32 203** м<sup>3</sup> – 14,3 % құрап отыр.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық елді – мекендер 70 заңды тұлға және 1606 жеке тұлға тұтынушылары бар. Бекітілген жоспар бойынша нақты 100% орындалды және тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша көрсетілген қызметтен түскен қаржы:

- Жеке тұлға – 3 891 750 теңге;
- Заңды тұлға – 8 027 149,30 тиын.

***Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының (эксплуатация, энергетика, механизация бөлімдері бойынша) орындалуы және орын алған апаттық жағдайлар, оған жұмсалған материалдардың қаражат көлемі.***

2021 жылға бекітілген жоспарлы алдын – ала жөндеу жұмыстарына сәйкес 7 елді – мекен бойынша 30 данаға жуық d-150, d-100, d-80 мм ашып-жабу реттегіш арматураларына (задвижка) ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде орталықтандырылған ауыз су жүйесінің көру құдықтары мен насос станцияларындағы технологиялық құбырлар бойында орналасқан ашып – жабу реттегіш арматураларын (задвижка) майлау, сырлау, тот басқандарын тазалау, шіріп тозығы жеткен болт, гайкаларын ауыстыру секілді жұмыстар атқарылды. Филиал тарапынан 2021 жылы 3 дана d-100мм ашып-жабу реттегіш арматурасы ауыстырылды. Аталған задвижкалар Қуандария, Алдашбай ахун және Тұрмағамбет елді-мекендерінің I-су көтеру насос станцияларындағы технологиялық құбыр бойына орнатылды.

Бөлімшеге қарасты 7 елді – мекенде барлығы 12 дана ұңғыма және 4 дана II-ші су көтеру насос станциялары жұмыс жасап тұр. Өткен жылы электр қозғалтқышының ішкі тұйықталу салдарынан істен шыққан 2 дана ЭЦВ насос агрегаттары ауыстырылды.

агрегаттары Тұрмағамбет е.м № 6 ұңғымаға ЭЦВ6-16-75 және Көмекбаев е.м №11 ұңғымаға ЭЦВ8-25-100 насос агрегаттары ауыстырылды.

2021 жылы Ақтөбе және Тұрмағамбет елді-мекендерінің II-су көтеру насос станцияларындағы К80-50-200 насос агрегаттары істен шығып, жарамсыз күйге жеткен болатын. Алайда, Филиал тарапынан жоғарыда аталған елді-мекендердің насос станцияларына жаңадан К100-80-160 насос қондырғылары беріліп, онымен

коса насос станция ішіне жүйелі түрлендіргіш (частотный преобразователь) орнатылды. Қазіргі таңда насос қондырғылары жұмыс жасап тұр.

Су айдау насостарының жұмыс жасау режимін тексеру айына 4 рет жүргізіледі.

Алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес насос станцияларының ауласындағы шөптерді шабу, күл-қоқыстан тазалау, қураған талдарды кесу жұмыстары жүргізілді.

Насос станцияларындағы ғимараттар мен ұңғыма павильондарының сылағы түскен жерлерін сылау, әктеу, есік – терезелерін сырлау, қымтау және күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Филиалдан бөлінген шикізат-материалдар насос станциялары мен су жүйелеріндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалды. 2021 жылы Қуандария, Алдашбай ахун, Ақтөбе және Қармақшы елді – мекендердің I-су көтеру насос станцияларындағы су көтеру мұнараларының шіріп, тозығы жетіп, темірі жұқарған жерлерін дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді. Елді – мекендерінің су жүйелеріндегі d-1500-2000мм болатын көру құдықтарының үгітіліп, тозығы жетіп жарамсыз күйге жеткен КЦП қақпақтары арнайы техниканың көмегімен алынып, орнына жаңадан КЦП қақпақтары құйылып орнатылды. Атап айтқанда: Ақжар елді-мекенінің су жүйесіне – 2 дана, Тұрмағамбетке – 1 дана, Қуандария – 1 дана.

Өздеріңізге белгілі, су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайлардың бірден-бірі көру құдығында орналасқан өрт гидрантының тұғырының тозуы. (фасонная часть). 2021 жылы Қуандария, Ақтөбе, Тұрмағамбет және Ақжар елді мекендері бойынша 15 данаға жуық өрт гидрантының тұғыры жөнделді. Өрт гидрантын тұғырымен бірге көру құдығынан шығарып, шіріп, темірі жұқарып, тот басып тозығы жеткен тұғырларын стальной листпен дәнекерлеу, шіріген d-100мм, d-150мм, d-200мм құбырлары мен шіріген болт, гайкаларын ауыстыру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді.

Елді – мекендердің орталықтандырылған ауыз су жүйесін насос станцияларындағы таза су қоймалары мен су көтеру мұнаралары арқылы жоспарлы жуу, шаю-залалсыздандыру жұмыстары көктем және күз мезгілдерінде өз деңгейінде жүргізілді. Залалсыздандыру жұмыстарынан кейін және ай сайын «Ұлттық сараптама орталығы» мамандары су сынамаларын алып отыр.

Қысқы маусымға дайындық жұмыстары, оның ішінде: Насос станцияларындағы ұңғыма павильондарының, II-су көтеру насос станция ғимараттарының, КПП бекеттерінің есік терезелерін қымтау, көру құдықтарының, су көтеру мұнараларының жиектерін топырақпен көму (обваловка), ПЭТ-4 жылыту пештерін іске қосу секілді жұмыстар атқарылды.

### **Шығып сөйлегендер:**

С. Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары 2021 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз

жұмыстар атқарылғанын көріп отырғанын және атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

### Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2021 жылғы қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10<sup>00</sup>ден-12<sup>00</sup>-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



**С. Нурумбетов**

Хатшы:



**Ғ. Есжанова**

## Х А Т Т А М А

**Төретам кенті**

**28 наурыз 2022 жыл.**

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың жылдық қортындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы : төрағасы С. Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары.**  
**Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж.Басбаев - Өндірістік бөлімше басшысы.
  2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
  3. Д.Шакеева - Төретам кенті әкімінің орынбасары.
  4. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
  5. Ш.Анарбеков - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
  6. Г.Суюбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің менгерушісінің уақытша міндетін атқарушы.
  7. Е.Қаражанов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің диспетчері.
  8. А.Тұрсынбаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
  9. Г.Телжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі
- Тұрғындар: Төретам кентінің тұрғыны С.Аралбаев, Қ.Нагиметов және Ақай ауылының тұрғындары Ж.Алпысов, Ж.Айпейісов, К.Ниязымбетов.

## Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

«Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы атқарылған жалпы қызметтері мен жұмыстары»

«Арал» СЖКБД филиалы Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2018 жылы құрылып, қазіргі күнге дейін екі елді мекенді тұрақты түрде 24сағат ауыз сумен қамтамасыз етіп келеді.

Төретам кенті және Ақай елді мекендері бойынша **83** заңды тұлға, **19** бюджеттік мекеме бар. Жеке тұлғалар бойынша жалпы **2915** абонент оның ішінде Төретам кенті бойынша халық саны **-11866** адам, **1725** абонент, Ақай ауылы бойынша **5686** адам-**1190** абонентті құрайды.

ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылдың 10 наурыздағы №18-НҚ Бұйрығы негізінде филиалдың суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тариф **ҚҚС-мен 364,63** теңге болып бекітілген.

2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылдың 04 тамызындағы №18-НҚ Бұйрығы негізінде бекітілген суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне 1 текше метрге 364,63 теңге ҚҚС-мен мөлшерінде уақытша өтемдік тариф қолданысқа енгізілді. Жеке тұлғалар мен су есептегіш құралы бойынша 1 текше метр ауыз судың бағасы -30 теңгені, ал ауыз су өлшегіш құралынсыз 1 текше метр судың бағасы -40 теңгені құрайды.

Тұтынушыларға таратылып жатқан ауыз суды Байқоңыр қаласы «Горводоканал» мекемесінен 2021 жылға 450 000 (төрт жүз елу мың) текше метр су алу жоспарлаған. Жыл соңына дейін жалпы су көлемі бойынша **467180** текше метр су таратылып отыр. ГУП ПО «Байконурэнерго» мекемесінен 1 текше метр су көлемінің сатып алу бағасы **-26,02 руб. (ҚҚС-сыз) 152.16** теңгені құрайды.

Бөлімшеге қарасты 24 қызметкер, 5 техника 2 насос станциясы халыққа 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жасап келеді. Жыл басынан бері ауыз су құбыры бойынан 37 апатты жағдай орын алып, барлығы тез арада қалпына келтірілді. Көпшілігі су құбырының бір-біріне дәнекерленген жерлерінен және көру құдық ішіндегі абоненттердің вентильдерінің және көру құдық ішіндегі фасон бөліктерінің тозуынан орын алуда.

Төретам кенті көшелеріне жөндеу жұмыстары жүріп асфальт төселуіне байланысты Түктібаев, Молдағұлова және Қорқыт ата көшелеріне су құбыры филиал тарапынан қайта жүргізілді. Себебі, аталған көшелерде су құбыры бойында көру құдықтары жоқ және абоненттерді жер астынан темір үштік (тройниктер) арқылы жалғанған. Жер астындағы жалғаулар тозығы жетіп тұруына байланысты және апатты жағдай орын алса төселген асфальтты жараламау үшін су құбырын қайта жүргізіп, көру құдықтар орнатып, абоненттерді көру құдық ішіндегі фасон бөлігіне жалғап



отырдық. Нақтылап айтсақ, Түктібаев көшесіне ұзындығы 470 метр д-50мм полиэтилен су құбыры жүргізіліп, 6 дана көру құдық орнатылды. Молдағұлова көшесіне 160метр, 3 дана көру құдық және Қорқыт ата көшесіне 240метр, 6 дана көру құдық орнатылып, қазіргі таңда барлығы қолданысқа беріліп, тұтынушылар толықтай қамтамасыз етілді. Осы орайда айта кететін тағы бір мәселе Қорқыт ата көшесі су құбыры таяз жүргізілуіне байланысты қыс айларында қатып қалып, тұтынушылардан шағым түскен болатын. Қазіргі жүргізілген су құбыры тиісті қату тереңдігіне сәйкестендіріліп жүргізілді.

Төретама кенті бойынша аудандық құрылыс бөлімінің тапсыруымен «Дәнекер» мердігер компаниясы арқылы 6 көшеге жаңадан ұзындығы 6 шақырымды құрайтын ауыз су құбыры жүргізілді. Жаңадан жүргізілген ауыз су құбыры бойындағы абоненттер су есептегіш құралын тіркеу арқылы су құбырына қосылып, қазіргі таңда 43 абонент қосылып отыр.

Одан өзге Төретама кенті және Ақай елді мекені бойынша күрделі жөндеу жұмыстарымен 2 дана д-150мм және 2 дана д-200мм ашып-жабу реттегіш арматуралары орнатылды. 9 ашып-жабу арматураларына, 17 дана өрт сөндіру гидранттарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Насос станциясы ішіндегі насос қондырғылары мен ашып-жабу арматураларды сырлау, майлау, тозығы жеткен болт гайкаларын ауыстыру жұмыстары жоспарлы түрде орындалып келеді. Су қоймаларындағы қалдық сулар сыртқа төгіліп, іші дезинфекцияланды. Төретама кенті және Ақай елді мекені ішкі су жүйесі бойына орнатылған көру құдықтарының көміліп қалғандарын ашып, жер ызасымен төмен түсіп кеткен темір-бетонды қақпақтарын алып астына кірпіш өру арқылы биіктету және қымтап жабу жұмыстары жүргізілді. Төретама кенті бойынша асфальт төселген 22 көшенің бойындағы 54 дана Ақай ауылы бойынша 26 көру құдығына листтен қақпақ орнатылды. Жыл басынан бері қазіргі таңға дейін көру құдық ішіне орнатылған әр түрлі диаметрдегі 17 фасон бөлігі ауысып, алдағы уақытта 22 фасон бөлігін ауыстыру жоспарға қойылған.

Жаз айларында ауыз су қысымын көтеру мақсатында Ақай ауылы насос станциясына бағытталған III тармақ көру құдығынан жаңа су құбырына (аэропорт) 26 метр д-110мм ПЭ құбыры арқылы қосып, Ақай ауылына 3 тармақ арқылы ауыз су тарататын болсақ бұл мәселеден құтылатынымыз анық. Одан өзге Ақай ауылы Сақыпжан көшесі қазіргі таңда тұйықталып, жаз айларында су қысымы әлсіз болады. Бұл мәселені де шешудің жолы ұзындығы 190 метр д-63мм ПЭ құбыр арқылы келесі көшеге қосу болып отыр.

Сонымен қатар Төретама және Ақай елді мекендеріне бекітілген жоспарлы жұмыстар: Төретама кенті және Ақай ауылы бойынша су құбыры бойындағы көру құдықтарын тазартып, қымтап жабу, магистральды су құбырына уақытылы дезинфекция жасау, ашып-жабу арматуралары мен өрт сөндіру гидранттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және ең маңыздысы халықты тәулігіне 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету.

#### **Шығып сөйлегендер:**

Төретама кенті ақсақалдар алқасының төрағасы С.Аралбаев: - Бүгінгі өндірістік бөлімше басшысы Ж.Басбаевтың жылдық есебіне «өте жақсы» деген баға береміз. Ұжымның ауызбіршілігінің арқасында біраз жұмыстар атқарылды. Бұрынғы жағдаймен салыстырғанда және басқа облыс аумақтарын көргенде шүкіршілік дейміз.

Суымыз 24 сағат ағып тұр, апаттық орын алған жағдайда жұмысшылардың демалыс, күн-түн демей жұмыс жасап жүрген жұмысшыларға алғысымыз шексіз. Халықтың игілігі жолында жұмыс жасап жүрген ұжымға оң бағасын бере отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Рахмет!

**Қ. Жанжігітов** – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы 2021 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

#### **Қорытынды.**

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қармақшы ауданының Төретап кенті және Ақай ауылдық округінің окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «өте жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. **Өткізілген уақыт сағат 14<sup>00</sup>-ден 16<sup>00</sup>-ге дейін.**

**Тыңдаудың төрағасы:**



**С.Нурумбетов**

**Хатшы:**



**Г.Телжанова**

**«Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік  
бөлімшесінің**

**Х А Т Т А М А С Ы**

**Шиелі кенті**

**28 наурыз 2022 жыл**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2021 жылдың қорытындысы бойынша есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** Е.Ақпаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

**Баяндамашы:** А. Сарсембаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.

**Хатшысы:** Г. Есжанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

**Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.

2. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.

3. Т. Жағыпбаров - Шиелі аудандық мәслихат хатшысы.

4. Ғ. Аманжолов - Шиелі кенті әкімі.

5. Д. Аман - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы.

6. Ғ. Шалбаев - Шиелі аудандық құрылыс бөлімінің уақытша басшы міндетін атқарушы.

7. Т. Охап - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.

8. Э. Жайсаңбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.

9. С. Абдраимов - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ЕҚ инженері.

10. Г. Сырымбетова - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлім меңгерушісі.

**Тұрғындар:** Шиелі кентінің тұрғындары - Д. Оспанов, Г. Топаева, А. Ахметов, Л. Когай, Г. Владимирцев және елді мекендерден келген ауыл тұрғындары.

## Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. **(Баяндамашы: А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы).**

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

А. Сарсембаев - өндірістік бөлімше басшысы күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2021 жылдың қорытындысы бойынша Шиелі ауданының тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады.

«Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Шиелі кенті мен Шиелі ауданының **22** елді мекенінің - **14 982** үйін, Шиелі кенті бойынша - **6 316**, елді мекендер бойынша - **8 259**. Бюджеттік мекемелер саны - **116**, заңды тұлғалар саны - **291**. Оның ішінде - **14 420** тұтынушы су өлшеуіш құралымен, **155** тұтынушы су өлшеуіш құралынсыз. 2021 жылы жаңадан **140** тұтынушы қосылды.

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі - 7 елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Бірлестік, М. Шоқай, 1 Мамыр, Майлытоғай, Тартоғай, Ботабай, Сұлутөбе, Бұланбай бауы бойынша барлық тұтынушылар саны - **1 326**.

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде барлығы - **181** жұмысшы-қызметкерлер, оның ішінде бөлімше бойынша - **120** қызметкер, «Көкшоқы» мөлтек ауданында - **23** қызметкер, «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде - **38** қызметкер жұмыс атқарады.

2021 жылы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі өндірген - **1 893,573 мың** текше метр таратылған су көлемі **1 565,294 мың** текше метрі тұтынушыларға таратылып. су шығыны – 328,279 м3 құрап отыр.

Оқшау су жүйелері бойынша жалпы өндірген – **148,036 мың** текше метр таратылған су көлемі **126,482 мың** текше метрі тұтынушыларға таратылып, **21,554** м3 су шығыны – 14,55 % құрап отыр.

Аудан бойынша **27** насос станциясы, **23** дана су қыспақты мұнарасы, **148,35** шақырым бас су құбырлары, **363,4** шақырым ішкі су тарту желілері мен 7 дана қоғамдық колонкалар арқылы халыққа ауыз су тарту қызметін көрсетеді.

**«Жиделі топтық су құбыры өндірістік бөлімшесінде» 2021 жылы атқарылған жұмыстар:**

-**М.Шоқай** елді мекеніне 2021 жылы жаңадан ауыз су құбыр желісі 20,8км жүргізіліп, жаңа насос станциясында 250 м текше 2 дана су резервуары, сыйымдылығы 25м текше 1 дана су мұнарасы қолданысқа беріліп, қазіргі таңда елді мекені үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етуде.

-**Тартоғай** елді мекеніне 2021жылы жаңадан ауыз су құбыр желісі 18 км жүргізіліп, жаңа насос станциясында 150м текше 2дана су резервуары,

сыйымдылығы 25м текше 1 дана су мұнарасы қолданысқа беріліп, қазіргі таңда елді мекеніді үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етуде.

- **Майлытоғай** елді мекеніндегі қолданыстағы су мұнарасының тозығы жетуіне байланысты, М.Шоқай елді мекеніндегі ескі насос станциясында қолданыста жоқ жарамды сыйымдылығы 25 м текеше су мұнарасы орнатылды.

Сонымен қатар, қазіргі таңда насос станцияда электр энергиясының жетіспеушілігіне байланысты, жаңадан 25 кВА трансформатор қондырғысы, 4 дана темір бетонды бағаналар монтажданды. Алдағы уақытта АО «КРЭК» мекемесінің рұқсатымен іске қосылатын болады.

2021 жылдың қаңтары мен желтоқсан айлар аралығында әр ай сайын жұмысшы- қызметкерлердің жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігі, электр және техника қауіпсіздіктерін сақталуы мақсатында тексеру жұмыстары жүргізіліп отырды. Барлық насос станцияларында өрт қауіпсіздігі тексеріліп, кемшіліктер жолға қойылды.

«ЖТСК» өндірістік бөлімшесі жұмысшы қызметкерлеріне айына бір рет оқу- жаттығу жұмыстары жүргізіліп отырды. Жұмысшы-қызметкерлердің мерзімдік медициналық тексеруден уақытылы өтуі үнемі тексеріліп, насос станцияларының гигиеналық тазалықты сақтау, жұмыс орындарының тазалығын сақтау тексеріліп отырады. Кемшіліктерді қалпына келтіруге ауызша ескертулер беріліп орындалуы тексерілді. 2021 жылы түрлі жұмыс киімдері мен қорғаныс құралдары жұмысшыларға таратылып берілді.

Жоспарлы түрде көктемгі сәуір және қыркүйек айларында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Насос станцияларынан, су қоймаларынан - айына 1 рет, ұңғымалардан - тоқсанына 1 реттен анализдер алынады. 2021 жылы СЭС лабораториясы тарапынан судың сапасы жөнінде ешқандай ескертулер болған жоқ.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.07.2021 жылғы № 394 бұйрығымен бекітілген ауыз сумен жабдықтау құнын Субсидиялау Қағидаларына өзгерістер енгізілуіне байланысты, бір адамға тәуліктік ауыз су нормасы 140 литр бекітіліп, 2021 жылдың 16 тамызынан қолданысқа енді. Осыған байланысты жаңа Қағида қолданысқа енген уақыттан бастап тұтынушылар белгіленген норма шегінде ауыз су тұтынған жағдайда жеңілдетілген төлем жасайды да асып кеткен жағдайда артық көлеміне толық бағамен төлем жасайды.

Нормадан асқан жағдайда «Топтық су құбыры» бойынша 1 м<sup>3</sup> ауыз су тарифі ҚҚС-мен қоса есептегенде-507,14 теңге, «Оқшау су жүйелері» бойынша - 1 м<sup>3</sup> ауыз су тарифі ҚҚС-мен қоса есептегенде-364,63 теңге.

Тұтынушылармен жасалған келісім шарттың 4 тарау, 14 тармағына сәйкес пайдаланған ауыз су үшін әр айдың 25-нен қалдырмай су өлшеуіш құралының көрсеткішімен төлем жасап тұруға шақырамыз. Егер ай сайын пайдаланылған ауыз суға уақытында төлем жасалмаса келесі айдың көрсеткішімен қосылып нормадан артық су пайдаланған болып есептеледі.

Төлем жасау үшін барлық елді мекендерде, көше аралап ауыз су ақысын жинайтын **23** инспектор-бақылаушылар бекітілген және аудан орталықтарында

инспектор бақылаушылар, ғимаратта арнайы төлем кассасы, банк бөлімшелері және Kaspi.kz, Homebank.kz мобильді қосымшалары арқылы төлем жасауға болады.

Сонымен қатар, Апаттық жағдай болған жағдайда тәулік бойы диспетчерлік қызметке **4-19-99 байланыс телефоны** арқылы хабарласуға болады.

Баяндамамызды қорытындылай келе бір жылда атқарылған істі бір сағатта толық баяндап беру мүмкін емес. Атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өттік.

**«Су тіршілік көзі, өмірдің қуаты», «Судың да сұрауы бар»** дейді, аққан судың қадірін білген дана халқымыз.

Біздің де Сіздерден өтінеріміз ауыз су төлем ақысын уақытылы төлеп отыруларыңызды сұраймыз.

**Зейін қойып тыңдағандарыңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Рахмет!!!**

### Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары- Е.Акпаев «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың қорытындысы бойынша бөлімшеде атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы уақытта ұжымға табыс пен ауызбіршілік тіледі.


«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы топтық су құбырына қосылған тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына **«жақсы»** деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады.

**Өткізілген уақыты - сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.**

**Тыңдаудың төрағасы:**

**Хатшысы:**



**Е.Акпаев**

**Г. Есжанова**

## ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

29 наурыз 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2021 жылдың қорытынды есебін тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Е.Акпаев – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж.Балмағанбетов- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. Ғ.Шерниязов – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысы.
3. С.Садыков – Жаңақорған кенті әкімі.
4. Қ.Сапарбаев - «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
6. Н.Ақбергенов - Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. Ғ.Өмірбеков – Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
8. Хатшы- М.Қалтай инженер-технолог.

Тұрғындар: Алтынсарин көшесі тұрғыны О.Жумабеков, А.Құнанбаев көшесінің тұрғыны А.Дүйсенова. Екпінді е.м тұрғыны А.Дайрабаев, Еңбек е/м тұрғыны М.Кенжебаев.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1.Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.

( Баяндамашы – Ғ.Шерниязов - бөлімше басшысы.)

«Нұра топтық су құбыры» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінде 11-насос станциясы, 10 дана техника, 8 дана су мұнарасы, 59,85 шақырым магистралды су құбырлары, 347 868 шақырым ішкі су тарату құбырлары қанағаттанарлық жағдайда жұмыс жасауда. Бөлімше Жаңақорған кенті және 7 елді мекен бойынша 4 443 үйде тұратын 30 411 адамға, 43 бюджеттік және 67 заңды мекемелерге 84 жұмысшы қызметкер ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Жиделі топтық су құбырынан» 714 740,055 текше метр ауызсу таратылды.

1. Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі барлық су құбырларының және насос станцияларын, су тарту жүйелерінің техникалық жағдайы туралы мәліметтер. Барлық ұңғымалардың техникалық жағдайы, су өлшегіш құралдарының жұмыс жасайтыны, нақты бар-жоқ екені туралы толық мәлімет.

Өндірістік бөлімше бойынша атқарылған жұмыстарға келетін болсақ Жаңақорған кенті ішілік су жүйесіндегі; атап айтқанда М.Көкенов, Қорған, Алтынсарин, Шонабаев, Сапарбеков, Махамбет, Қашқынов, С.Ахметов, Қожанов көшелерінің ескі су жүйелері ажыратылып жаңа су жүйесіне қосылды. Қ.Алдабергенов, Б.Майлин, Жеңіс, Сейтпенбетов, Қорасан ата т.б көшелер бойынша көру құдықтарының беткі қақпақтарына арнайы темірден лист дайындалып орнатылды. Кент ішілік су жүйесіндегі 35 дана өрт гидрантына ревизия жұмыстары, сырлау, майлау жұмыстары жүргізілді. №1 насос станциясына және №2 «Құмсахаба» насос станциясындағы ескі насос қондырғылары жаңа насосқа ауыстырылды. Барлық елді мекендер бойынша насос станцияларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Еңбек және Екпінді елді мекендеріне су қабылдау уақытын жақсарту мақсатында магистрал су құбыры бойына насос қондырғысы орнатылды. Екпінді елді мекеніндегі насос станциясы бетон қоршаулары ауыстырылды. Барлық насос станциялары бойынша алдын ала күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Кент ішілік су жүйелерін реттеу мақсатында көру құдықтарына манометр құрылғысы орнатылып Тәуелсіздік және Қорасан ата көшелері қиылысына вантуз орнатылды.

2021 жылы өндірістік бөлімше бойынша апаттық жағдайдың саны – 248, оның ішінде 177 кент ішілік су жүйесінде, 49 елді мекендерде, 22 магистралды су құбырларында орын алған.

Апаттық жағдайлардың орын алу себебі: ПЭ су құбырларының жалғанған жерлерінің ажырау; Сунақата, Қожамберді, Сүттіқұдық, Төменарық елді мекендеріндегі ішкі су жүйесіндегі ПВХ су құбырларындағы чиканкіленген жерлерінің жарамсыздануы; ескі су жүйесіне қосылған жеке желілердің тозуы себебінен орын алуда.

1. Жалпы өндірістік бөлімше бойынша жылына екі мәрте су жүйесін және су сақтау қоймаларын жоспарлы жуу-шаю жұмыстары жүргізілді. Одан бөлек аудандық ұлттық сараптама орталығымен жүргізілген келісім шарт негізінде ай сайын су сынамалары алынып тексеріліп отырады. Тексеріс барысында бактералогиялық анализден мемлекеттік стандартқа сай келмеу анықталған жағдайда арнайы комиссия құрылып жоспардан тыс дезинфекциялау жұмыстары жүргізіліп су сынамасы қайта алынады. Алайда осы күнге дейін ондай жағдайлар орын алған жоқ.

2. Өндірістік бөлімше бойынша барлық насос станцияларындағы ішкі және сыртқы жарық шамдарын күтіп баптау, жарамсыз материалдарын ауыстыру шаралары алдын ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес уақытылы жүргізілуде. Қазіргі таңда электр энергиясын үнемдеу мақсатында №1 және №2 «Құмсахаба» насос станцияларындағы 5 дана электр қозғалтқышына АВВ частотный преобразователь қорғағыштарымен қамтылды. Кент орталығындағы №1 №2 насос станцияларындағы жартылай және №8, №9, №11 насос станцияларындағы толықтай сыртқы шамдары светодиодты шамдармен қамтамасыз етілді. Алдағы уақытта барлық насос станциялары және әкімшілік ғимаратының сыртқы жарық шамдарын 100 Вт светодиодты шамдар және барлық насос станциясындағы электр қозғалтқыштарына АВВ частотный преобразователь қорғағыштарымен қамтамасыз етуді қажет етеді.

**Қорыта келе өндірістік бөлімше бойынша 2021 жылы атқарылғын және алдығы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен**



қамтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет.

*Сөз алғандар:*

- Алтынсарин көшесі тұрғыны **О.Жумабеков**. Жаз мезгілінде су ағу уақыты азайып су қысымы неге төмен болатынын сұрады.

- **Ғ.Шерниязов** – Жаз мезгілінде су қысымы аз болу себебі кент ішінде аяқ су мәселесі шешімін таппауына байланысты көптеген тұрғындар ауыз су құбыры арқылы есік алдындағы бау бақшаларын суаруда, сондықтан көшенің соңғы жағында қысым азайып су ақпай қалатынын айтып түсіндірді.

**Қ.Сапарбаев** -«Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы. - өз сөзінде сервистік жұмыстарды аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тікелей өз қадағалауына алатынын айта кетті. Өндірістік бөлімшенің 2021 жылы атқарылған жұмыстарына оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, осы жетістіктік барлығы елбасы арқасы екенін, барлық бағларламалар кезең-кезеңмен орындалуда деп сөзін аяқтады.

**Қорытынды:**

«Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы атқарылған жұмыстарына «**жақсы**» деген баға берілді. Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>нан-17<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы**



**Е.Акпаев**

**Хатшы:**



**М.Қалтай**

## ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

29 наурыз 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Жаңақорған ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2021 жылдың қорытынды есебін тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ж.Балмағанбетов- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. К.Налибаев – «Жаңақорған ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі басшысы.
3. Ж.Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
4. С.Садықов – Жаңақорған кенті әкімі.
5. Қ.Сапарбаев - «Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы.
6. Т.Сейсенов - Өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. Хатшы- Д.Алдибеков инженер-технолог.

Тұрғындар: Түгіскен ауылының тұрғындары С.Елегенов, Х.Төреев, М.Нәлібаев ауылының тұрғындары С.Сәулебеков. Б.Мұзарапов. Келінтөбе е.м тұрғыны М.Қамбарбеков, Кейден е/м тұрғыны А.Сәрсенбеков.

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1.«Жаңақорған ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі.

(Баяндамашы – К.Налибаев - бөлімше басшысы.)

«**Нұра топтық су құбыры**» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «**Арал**» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты «Жаңақорған ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде **31**-насос станциясы, **4** дана техника, **27** дана су мұнарасы, **491** шақырым ішкі су жүйелері және магистралды су тарату құбырлары қанағаттанарлық жағдайда жұмыс жасауда. Бөлімше **28** елді мекен бойынша **3482** үйде тұратын **30121** адамға, **49** бюджеттік және **22** заңды мекемелерге **71** жұмысшы қызметкер ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

**2021** жылдың қорытындысы бойынша «Жаңақорған ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшеге тиесілі құбырынан жалпы өндірілген су көлемі **433,972** таратылған су көлемі **370,805** құрап отыр. Су шығыны **63,166** м<sup>3</sup> – 14,56 % құрайды.

**Өндірістік бөлімшенің теңгеріміндегі барлық су құбырларының және насос станцияларын, су тарту жүйелерінің техникалық жағдайы туралы мәліметтер. Барлық ұнғымалардың техникалық жағдайы, су өлшегіш құралдарының жұмыс жасайтындығы және нақты бар-жоқ екені туралы толық мәлімет.**

Өндірістік бөлімше бойынша атқарылған жұмыстарға келетін болсақ Жаңақорған ауданы бойынша елді мекендерінің су жүйесіндегі; атап айтқанда Барлық елді мекендер бойынша насос станцияларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Елді мекендердегі су құбырларыдың бойындағы көру құдығы ішінде орналасқан ашып-жаппа реттегіш арматуралары мен өрт гидранттары толық майлау және барлық насос станциялары бойынша алдын ала күтім жасау жұмыстары жүргізілді.

2021 жылы өндірістік бөлімше бойынша апаттық жағдайдың саны – **82**, оның ішінде **66** елді мекендерде, **16** магистралды су құбырларында орын алған.

Апаттық жағдайлардың орын алу себебі: ПЭ су құбырларының жалғанған жерлерінің ажырау; Келінтөбе, Жаңарық, Қандөз, Қожакент елді мекендеріндегі ішкі су жүйесіндегі ПВХ су құбырларындағы чиканкіленген жерлерінің жарамсыздануы; ескі су жүйесіне қосылған жеке желілердің тозуы себебінен орын алуда.

**1.** Жалпы өндірістік бөлімше бойынша жылына екі мәрте су жүйесін және су сақтау қоймаларын жоспарлы жуу-шаю жұмыстары жүргізіледі. Одан бөлек аудандық ұлттық сараптама орталығымен жүргізілген келісім шарт негізінде ай сайын су сынамалары алынып тексеріліп отырады. Тексеріс барысында бактералогиялық анализден мемлекеттік стандартқа сай келмеу анықталған жағдайда арнайы комиссия құрылып жоспардан тыс дезинфекциялау жұмыстары жүргізіліп су сынамасы қайта алынады. Алайда осы күнге дейін ондай жағдайлар орын алған жоқ.

**2.** Өндірістік бөлімше бойынша барлық насос станцияларындағы ішкі және сыртқы жарық шамдарын күтіп баптау, жарамсыз материалдарын ауыстыру шаралары алдын ала жөндеу жұмыстарының бекітілген кестесіне сәйкес уақытылы жүргізілуде. Алдағы уақытта барлық насос станциялары және әкімшілік ғимаратының сыртқы жарық шамдарын 100 Вт светодиодты шамдар және барлық насос станциясындағы электр қозғалтқыштарына АВВ частотный преобразователь қорғағыштарымен қамтамасыз етуді қажет етеді.

**Қорыта келе өндірістік бөлімше бойынша 2021 жылы атқарылғын және алдығы уақытта атқарылатын жұмыстар баяндалды. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстар сапалы түрде жалғаса береді. Назар қойып тындағандарыңызға рахмет.**

#### **Шығып сөйлегендер:**

- **М.Нәлібаев ауылының тұрғыны С.Сәулебеков.** Жаңақорған ауданындағы елді мекенінде жаз мезгілінде су ағу уақыты азайып су қысымы неге төмен болатынын сұрады.

- **К.Налибаев** – Жаңақорған елді мекенінде жаз мезгілінде су қысымы аз болу себебі елді мекендер ішінде аяқ су мәселесі шешімін таппауына байланысты көптеген тұрғындар ауыз су құбыры арқылы есік алдындағы бау бақшаларын суарады сондықтан көшенің соңғы жағында қысым азайып су ақпай қалатынын айтып түсіндірді.

**Қ.Сапарбаев** -«Аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім басшысы. - өз сөзінде сервистік жұмыстарды аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі тікелей өз қадағалауына алатынын айта кетті. Өндірістік бөлімшенің 2021 жылы атқарылған жұмыстарына оң баға бере отырып, алдағы уақытта әлі де көп жұмыстар атқару керектігін айта келе, осы жетістіктік барлығы елбасы арқасы екенін, барлық бағларламалар кезең-кезеңмен орындалуда деп сөзін аяқтады.

### **Қорытынды:**

«Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы атқарылған жұмыстарына «**жақсы**» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>нан-17<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы**



**С.Нурумбетов**

**Хатшы:**



**Д.Алдибеков**

## ХАТТАМА

Сырдария ауданы

«30» наурыз 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың жылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы** С. Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Д.Нурсейтов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
2. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж. Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
4. Тереңөзек кентінің әкімі –Е.Бахтияров
5. Ардагерлер кеңесінің төрағасы- Ш.Нурсейтов
6. Л.Султанова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер-экономисті.
7. Н.Сейтасанов - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
8. Ө.Әмзе - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер – механигі.
9. Хатшы – А.Нуртазина - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Сырдария ауданының тұрғындары Н.Оразбеков,З.Жүсіпбайұлы , Сәрсенбай.М, Ж.Нақып, Д.Шалабаева тағы басқалар.

## Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы Қ. Жанжігітов тыңдауды ашты.

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2021 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Е.Дузимбетов – өндірістік бөлімше басшысы)

Сырдария өндірістік бөлімшесі 2021 жылдың қорытындысы бойынша **1 195,478 мың** текше метр су көлемі өндіріліп, **1021,444 мың** текше метр ауыз суды тұтынушыларға таратылды. Су шығыны **174,033 м<sup>3</sup>**–14,3 % құрап отыр.

2021 жылға нормадан тыс су шығынын азайту үшін Шаған, Шіркейлі, Терезөзек елді мекендерінде тұтынушыларға және ауыз су кешендеріне су есептегіш құрал аспабын орнату жұмыстары жүргізілуде.

Кәріз саласы бойынша 2021 жылдың жоспары бойынша халыққа **13,040 мың** текше метр, нақты орындалғаны **23,979 мың** текше метр, жоспары бойынша заңды тұлғаларға **14,827 мың** текше метр қаралса, нақты орындалғаны заңды тұлғаларға **28,081 мың** текше метр құрады. Жалпы 2021 жылы **52,060 мың** текше метр лас су шығарылды.

Кәріз су саласы бойынша 2021 жылы **52 059** текше метр лас су шығарылды.

Кәріз су саласы бойынша тұтынушылар саны жеке тұлғалар – 270 абонент, заңды тұлғалар - 14 мекеме.

Сырдария ауданының өндірістік бөлімшесі теңгерімінде 33 дана I-ші су көтеру насос станциясы, 16 дана II-ші су насос станциясы, 209,751 шақырымды құрайтын ішкі ауыз су жүйелері бар.

Сарқынды суды бұру жүйелері бойынша 1 дана сарқынды суды тазарту станциясы, 5 дана кәріз насос станциясы, 12,095 шақырымды құрайтын өздігінен ағатын және қысымдық кәріз жүйелері бар.

Сырдария ауданы бойынша қазіргі таңда, 14 елді мекен тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр.

Барлық елді мекендердің насос станциясы ғимараттарына әктеу әрлеу, сылау және сырлау жұмыстары жүргізілді.

Барлық елді мекендердегі орталық насос станцияларындағы таза су қоймаларын көктемгі-күзгі жоспарлы тазалау, жуу-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

2021 жылдың жазғы кезеңде 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін әзірленген іс-шара жоспары орындалып Шаған елді мекені, Әділ Атақаев көшесі, №5 мекен жайда орналасқан пайдаланылмай тұрған ұңғыма ауласын жартылай қоршап, Тереңөзек кентінен 25 текше метрлік мұнара жеткізіп, дәнекерлеп, бояп және темір бетон аяқтары (тумба) орнатылды.

2021 жылдың 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, тозығы жетіп істен шығуына байланысты - 12 дана жаңадан ЭЦВ насос қондырғылары орталық қоймадан алынып салынды.

2021 жылда 643 апаттық жағдай тіркеліп, оның 414 жер асты ПЭ құбырлары мен көру құдықтары және су мұнаралары шіріп тозығы жеткен, 229 алдын ала жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Іңкәрдария елді мекеніндегі насос станциясындағы ұңғыма жалғыз жұмыс жасап тұрғандықтан, қосымша ұңғыма қазылу қажет және Тереңөзек кентіне жаз айларында су жетіспеуіне байланысты №1 насос станциясы ауласына 1 дана ұңғыма қаздыру қажет етеді. Шаған елді мекеніндегі Есентемір ауылындағы №2 насос станциясына тағы 1 ұңғыма қаздыру қажет етеді.

Айдарлы елді мекені насос станциясы ауласының 60 метрден аса плита қоршауын физикалық тозығы жетіп қисаюына байланысты қалын сым және қосымша бағаналармен жөндеу жұмыстарын жүргіздік.

2021 жылы Тереңөзек кентінде және елді мекендерде бірнеше көшелерде аса тозығы жеткен автожолдағы жер асты құбырлары ауыстырылды, Тереңөзек кентіндегі №5 насос станциясының аула көлемінде табиғи шұңқырларды топырақпен толтырып, тегістеп темір бетон плиталарымен қоршау жұмыстары жасалынды.

Іңкәрдария елді мекеніндегі насос станциясындағы 25 текше метрлік су мұнарасы көп жылдан бері ауыз су беріп келе жатқандақтан физикалық тозығы жетіп шіріп тесіліп жаңа су мұнарасын орнатуды қажет етеді. Сол себептен насос станциясындағы 500 текше метрлік қамба арқылы халыққа ауыз су тарату үшін аула жер асты ПЭ құбырларын толық жаңасына ауыстырылып ІІ-ші су көтеру насос станциясының ішкі құрыш құбырларын ашып жабу арматурларын К типті 3-дана насос қондырғыларын орнату жұмыстары жүргізілді.

Кент және елді мекендерге қарасты тозығы жетіп тұрған көру құдықтарын темір бетон плиталарын беттерін (КЦП) 25 данасы жаңадан салынып, 95 темір қақпақ (люк) жабылды.

Аудан бойынша Тереңөзек кенті және 13 елді мекеніндегі барлығы 21 көшелерде ауыз су құбырлары тозығы жетіп, ақаулар жиі пайда болуда. Өндірістік бөлімшеге қарасты елді мекендердегі көру құдықтарындағы фасон бөліктері шіріп, тозығы жеткен. Сондықтан ауыстыруды қажет етеді.

2022 жылға Тереңөзек кентінде Құндызбаев, Тоқтыбаев көшелерінде 594 метр, Қазақ Жамбыл көшелерінде 773 метр, Шаған елді мекенінде Мұратбаев көшесінде 2738 метр және Қоғалыкөл елді мекенінде Есмақов көшесі 298 метр күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етеді.

2022 жылдарға ағымдағы жөндеу жұмыстарына: Шаған, Қоғалыкөл елді мекендеріндегі насос станцияларына қоршау, шатырлау, кіре беріс темір есіктері ауыстыруды қажет етеді.

Тереңөзек кентіндегі №5 насос станциясына жаңа КТПН орнатылды.

Тереңөзек кентінде 2015 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан 5 дана КНС ғимараттарына шатыр бөлігі мен темір есіктерін ауыстыруды қажет етеді.

Тереңөзек кенті және елді мекендердегі ауыз су мұнаралары ұзақ жылдан бері пайдаланып тозығы жетіп жаңасына ауыстыруды қажет етеді. Атап айтқанда Шаған, Іңкәрдария, Н.Ильясов елді мекендеріне жаңадан ауыз су мұнарасын орнатуды қажет етеді және Тереңөзек кентіндегі №3 насос станциясындағы 50 текше метрлік ауыз су мұнарасын күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Тереңөзек кентінде орналасқан КНС №1, №2, №3, №4, №5 кәріз жүйелеріне жаңадан 18,5 және 15 кВт двигателдер ауыстырылып орнатылды. Өндірістік бөлімшеге қарасты су тарату жүйелеріне ұңғыманың басқару қорапшасының 14 данасы жаңадан СУЗ-40 Родник электр қондырғылары іске қосылды. Осы өндіріс бөлімшесіне қарасты сумен жабдықтау жүйелеріне су тарату ұңғыманың ЭЦВ-6-16-75 және ЭЦВ-8-25-100 электр қондырғылары 12 данасы жаңадан ауыстырылды. Осы өндірістік бөлімшеге қарасты сумен жабдықтау жүйелерін қысқы мерзімге дайындық пештері және ішкі- сыртқы жарықтарының шамдары ауыстырылды. Б. Момышұлы көшесінде орналасқан №5 сумен жабдықтау жүйесіне жаңадан электр тоғы ВЛ-10кв әуе желісі тартылды.

2021 жылы Өрт қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздік бойынша 204-Өрт гидранттары тексерілді. 204-ӨГ штоктары майланды, тексеру нәтижесінде барлығы жарамды.

Санитарлық тазалық жөнінде барлық насос станцияларының машинистері санитарлық тексеруден өтті. Насос станциясының аулалары әктеліп, сырланды.

УАЗ маркалы 1 автокөлік күрделі жөндеуден өткізілді. Барлығы техникалық байқаудан өткізіліп сақтандырылған. Электр энергиясы болмаған жағдайда қосылатын 11 дана дизель генераторының 7 данасы жөндеуден өткізіліп жұмыс жасап тұр және 4 данасына жөну жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың



қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10<sup>00</sup>-дан-12<sup>00</sup>-ға дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшы:



С.Нурумбетов

А.Нуртазина

## ХАТТАМА

Жалағаш кенті

30 наурыз 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың жылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. М.Елеусинов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж.Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж.Сейтпенбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
3. Ғ.Телібаев – Жалағаш кентінің әкімі.
5. Г.Дандибаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
6. Л.Молыбаева - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің меңгерушісі.
4. Н.Кулумбаев - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
- 8.Хатшы – А.Омарова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар: Жалағаш кентінің тұрғындары Б.Балымбетов, Н.Узденбаев, Ғ.Молдабаев, Н.Пазылбеков және тағы басқалар.

## Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2021 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – М.Елеусинов – бөлімше басшысы)

Жылдық есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары С.Нурумбетов тыңдауды ашты.

М.Елеусинов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2021 жылда атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

## Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер

**М.Елеусинов** - «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бастығы.

Қазіргі таңда, «Арал» СЖКБД филиалының қолдауымен және бөлімше тарапынан атқарылған жұмыстар нәтижесінде, аудан бойынша барлық елді мекендердің ауыз су тұтынушыларына 24 сағат үздіксіз су берілуде.

«Жалағаш өндірістік бөлімшесі» 2021 жылы жалпы өндірілген су көлемі **1 101,800** таратылған су көлемі **941 409- м3** құрайды. Су шығыны **160,400** м3 – 14,56 % құрап отыр.

Жаз айларында ауыз су пайдалану көлемі 2-3 есеге артады, сол себептен, құрметті аудан тұрғындары, ауыз су жүйесін үнемдеп пайдалану мақсатында құрылыс жұмыстары мен бау бақша жұмыстарына пайдалану болмайтындығын, тек тұрмыстық мақсатқа пайдалану қажеттілігін естеріңізге саламын және де кент, ауылдық округі әкімдері аяқ су мәселесін шешу жұмыстарына баса назар салса деген өтінішім болып отыр.

Ауыз су үнемдеу мақсатында, Жалағаш ауданы бойынша ауыз су тұтынушыларын 100%-ға жеткізу жұмыстары жалғасын табады. Су есептегіш құралы болмағандықтан ауыз суды есепсіз пайдалану фактілері жиі орын алуда. Бөлімше тарапынан ақылы түрде СЕҚ орнату жұмыстары атқарылуда. Өздеріңіз тарапынан СЕҚ орнатылған жағдайда, пломба басу жұмыстары арқылы бөлімше есебіне алынатындықтан, хабарлама берулеріңізді сұраймын. Үстіміздегі 2022 жылдың аяғына дейін аудан тұрғындарын толық ауыз есептегіш құралымен пайдалану көрсеткішіне қол жеткізу жоспарын жүзеге асыру қажет. Осы жұмыстарды атқаруға Сіздердің тараптарыңыздан қолдау беретініңіздерге сенім білдіремін.

Атқарылған жұмыстар бойынша, өндірістік бөлімше тарапынан 2021 жылы Жалағаш кенті, Орталық насос стансасындағы КПП, КТПН, Хлораторная және II-су тарату насос стансаларының ғимараттары қайтадан шатырланып сыланып, ақталды. 2022 жылға да атқарылатын жұмыстардың жоспарының тізімі жасалып филиалға ұсынылып отыр.

Атап айтқанда, «Орталық» насос станса аумағын қайта қоршау жұмыстары. (Темір бетонды қоршау тозығы жетіп үгітілуде, құлау жағдайлары орын алуда)

Кент көшелерінің бойындағы ашып-жабу арматураларын ауыстыру жұмыстары. (Апаттық жағдай орын алғанда, ауыз су беруді тоқтатпай, қажетті бөлігін жауып, қалпына келтіру жұмыстарын атқаруға)

Бұқарбай батыр насос стансасының мұнарасын толығымен ауыстыру (Тозығы жетіп шіріп кеткен, дәнекерлеу жұмыстары өз нәтижесін бермеуде)

Жаңаталап насос стансасының II-су тарату насос қондырғысын іске қосу. (Су мұнарасының тозығы жетуіне және ауыз су қысымын көтеруге байланысты)

Мәдениет насос стансасындағы II-су тарату насос станса ғимаратын құрсаулау жұмыстары. (Ғимарат жарылып кеткен, тиісті жұмыстар атқарылмаса алдағы уақытта құлау қаупі орын алу мүмкін)

Аламесек насос стансасының II-су тарату насос қондырғысын іске қосу. (Су мұнарасының тозығы жетуіне және ауыз су қысымын көтеруге байланысты)

Кеңсе ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу. (Тозығы жеткен, есік-терезе, едендерін жаңалау қажеттілігіне байланысты)

Кеңсе ғимараты ауласына тас төсеу жұмыстары. (Кезінде төселген асфальт жабыны жоқ есебі, қолайсыз ауа райы уақытында кеңсе ауласына автокөлік те, жаяу жүргіншінің де кіріп шығу мүкіншілігі қиын)

Еңбек, Қаракеткен, Орталық және Мәдениет насос стансасындағы су қоймасының үстіндегі құдықтарды, қақпағымен ауыстыру жұмыстары. (Тозығы жетіп үгітілуде, пайдалануға жарамсыз күйде)

### **Шығып сөйлегендер:**

С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

2021 жылдың жылдық атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын және алдағы уақытта да жасалатын тиісті жұмыстар бар екендігін айта келе табыс тіледі.


### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың жылдық қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 14<sup>00</sup>ден-16<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы:**

**Хатшы:**



**С.Нурумбетов**

**А.Омарова**

# ХАТТАМА

*Қызылорда қаласы*

*31 наурыз 2022 жыл*

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Қызылорда қаласының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2021 жылдың жылдық қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

## **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Б.Байтасов – «Қызылорда қаласының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж.Балмағанбетов- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Ж.Сейтпенбетова- «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Бюджеттік-жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы.
4. Е. Ақпаев – «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары
5. Қ.Жанжігітов - «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының Су шаруашылық нысандарының пайдалану бөлімінің басшысы.
6. Ж.Ағайдаров-«Қызылорда қаласының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің ТБ инженері
7. Хатшы - С.Жылмағанбетова - «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының Қызылорда қаласы ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

**Тұрғындар:** Қызылорда қаласы, Махамбетов ауылының тұрғындары Л.Жарылқапова, Б.Назаров, М.Ақмырзаев. Абай аулның тұрғындары М.Акимбаева Қ.Бегарыстанов Г.Белгібаева Наурыз елді мекенінің тұрғындар Н.Садыков Ж.Мусаева . Ө.Ибадулаев

## **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Қызылорда қаласының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі 2021 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы-Б.Байтасов-бөлімше басшысы).

Жылдық есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары С.Нурумбетов тыңдауды ашты.

Б.Байтасов күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2021 жылда атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

### Күн тәртібінде мәселе бойынша:

Төтенше жағдайлар департаментінің 2021 жылғы өрт сөндіру гидранттарының техникалық жағдайларын күзгі тексеруден кейін берілген ескертуге байланысты 3-дана өрт сөндіру гидранттарын қайта қалпына келтіру жұмыстары атқарылды. Жалпы гидрант саны 436 штук.

Белкөл, Белкөл-2 кенті, Ж.Махамбетов, Баймұрат батыр, Абай елді мекендері және Талсуат елді мекені маңында орналасқан «Оңалту орталығының» насостық станциялары қоқыс жәшігімен қамтылды.

Белкөл, Белкөл-2 кенті насостық станциялары қоқыс жәшігі үш жақты қоршалды.

Барлық нысандарда көгалдандыруға қажетті дайындық жұмыстары атқарылуда.

Қараөзек елді мекеніндегі насостық станциядан басқа барлық нысандардың темір бетонды қоршауының үстіңгі бөлігіне тікенді сым жүргізілді.

Келісім шартқа сәйкес ауыз су сынамасы зертханаға өткізілуде.

Қызылорда қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастамасымен «Арал» СЖКБД филиалы және Ұлттық сараптама орталығы арасында «Санитарлық-эпидемиологиялық мониторингті қамтамасыз ету мақсатында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға үш жақты қол қойылды. Яғни, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жылына 4-рет ауыз су құрамы тексеріледі.

2021 жылы водомерсіз ауыз су тұтынып отырған 21-үйге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 7-үй су өлшегіш құрды, ал 14-үй 2022 жылдың көктем-жаз айларында су өлшегіш құралы орнатуға уәделерін берді.

Ай сайын әр абоненттің нақты пайдаланған су көлемі мен түскен қаражаты «Апро-Билинг» бағдарламасына уақытылы енгізіліп отыр. 2021 жылдың ауыз су көлемі бойынша

«Қзылорда өндірістік бөлімшесі» 2021 жылы жалпы өндірілген су көлемі **1 173,038** таратылған су көлемі **1 002,277- м3** құрайды. Су шығыны **170,761** м3 – 14,56 % құрап отыр.

Сарқынды суды бұру бойынша 2021 жылы **167,21 м3** қызмет көрсетілді.

Талдыарал елді мекені сыйымдылығы- 50 м³ ауыз су жинау мұнарасы орнатылды және сырланды.

Талдыарал І-ші су көтеру насос станция ауласы 30/30 метр бетонды қоршаумен қоршалды және ұзындығы 5 метр қақпа орнатылды.

Талдыарал ұңғыма павильонына профлистен шатыр орнатылды.

Ақжарма елді мекені ескі ауыз су насос станциясының қоршауына демонтаж жұмыстары жүргізілді.

Ақжарма елді мекені ІІ су көтеру насос станциясында насостар чистотник арқылы жұмыс жасау режиміне көшті.

-ІІ-ші су көтеру насос станциясымен І-ші көру камерасы аралығындағы екі қанат арқылы шыққан диаметрі 200 мм құбырдың біреуі ауыстырылды.

-ІІ-ші су көтеру насос станциясының қоршауына тікенді сым жүргізілді.

-Орталық көше бойындағы 3 дана көру құдықтарының фасонды бөліктері толық алмастырылды.

Ақсуат елді мекеніне жүргізілген ауыз су жүйесіне орнатылған 8 дана көру құдықтарының фасонды бөліктері толығымен ауыстырылды.

Иіркөл елді мекеніндегі І-ші су көтеру насос станциясының ауласы бетонды қоршаумен қоршалды, ұзындығы 4 метр қақпа орнатылды және 3 қатар тікенекті сым жүргізілді.

Бірқазан елді мекенінде І ші су көтеру насос станциясы ауласы бетонды қоршаумен қоршалды, ұзындығы 4 метр қақпа орнатылды және 3 қатар тікенекті сым жүргізілді.

Белкөл-1 кентінде ауыз су жүйесіне орнатылған 5 дана көру құдықтарының фасонды бөліктері ауысты. Белкөл кентіндегі кәріз су айдау насос станциясына Талсуат емхана кешеніндегі «**Грунтфест**» маркалы насос орнатылды. Кәріз су насос станциясының ауласына сырттан топырақ алдыртылып, гүл көшеттері егілді.

Досан елді мекеніндегі резервтік ұңғыма жаз айларында су тапшылығына байланысты іске қосылды.

Талсуат емхана кешенінде орналасқан кәріз су насос станциясындағы «**Грунтфест**» маркалы насос қондырғысы істен шығуына байланысты уақытша СМ маркалы насос қондырғы орнатылып, аталған насос қондырғысына өз күшімізбен павильон салынды және павильон ішіне басқару құрылғылары орнатылды. Емхана кешенінде ІІ- ші су көтеру насос станциясы ауласындағы №1 ауыз су ұңғымасының су құрамы тұздылығының артуына байланысы компрессор арқылы откачкаға қойылды.

Талсуат елді мекеніндегі резервтік ұңғыма жаз айларында су тапшылығын болдырмау мақсатында іске қосылды.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық ауыз су нысандарында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары 100 пайызға жүргізілді және авариялық жағдайлар дер кезінде қайта қалпына келтірілді. 2021 жылғы атқарылған жұмыстардың қысқаша баяндамасы осындай.

### **Шығып сөйлегендер:**

С.Нурумбетов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары.

2021 жылыдың жылдық атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын және алдағы уақытта да жасалатын тиісті жұмыстар бар екендігін айта келе табыс тіледі.

### **Қорытынды:**

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Қызылорда қаласының окшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы»

өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың жылдық қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10:00ден-12:00-ға дейін.

**Жиналыс төрағасы:**



**С.Нурумбетов**

**Хатшысы:**



**С.Жылмаганбетова**



# Х А Т Т А М А

Арал қаласы

01 сәуір 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистральдық су құбыры мен таратушы желілер арқылы су жеткізіп беру қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2021 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары Е. Акпаев

## Есепті тыңдауға қатысушылар:

1. Ж.Балмаганбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. «Қуанышбек» ЖШС- ның өкілі Д. Мадиев
3. И. Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
4. А. Абдиханов – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі басшысының орынбасары.
5. К.Маханова - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің басшысы.
6. Ә. Өтеғұлов «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
7. Т. Саянов - «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға шебері.
8. Н. Утегенов – Арал қаласы Әйтеке би көшесінің тұрғыны
9. Е. Маханбетжан - Арал қаласы Қызылорда көшесінің тұрғыны
10. С.Қыздарбеков - Арал қаласы Медетбаев көшесінің тұрғыны
11. Ө. Бүркітбаев Арал қаласы К. Өтенов көшесінің тұрғыны
12. Қ. Есіркегенов Арал қаласы Медетбаев көшесінің тұрғыны
13. С. Қалиев Арал қаласы Б. Майлин көшесінің тұрғыны
14. Т. Елубаев Арал қаласы Т. Жароков көшесінің тұрғыны
15. А. Сержанов Арал қаласы Жансүгіров көшесінің тұрғыны
16. Т. Қожекенов Арал қаласы З. Махатов көшесінің тұрғыны
17. Ұ. Мырзалиев Арал қаласы Қосымов көшесінің тұрғыны
18. Ж. Илияшов Арал қаласы Т. Тоқтаров көшесінің тұрғыны
19. Н. Жайықов Арал қаласы Н. Маханова көшесінің тұрғыны
20. Р. Алпысбаев Арал қаласы Бегім ана көшесінің тұрғыны

## Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы: Бөлімше басшысы – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары Е. Акпаев тыңдауды ашты.

Бөлімше басшысы И. Қапаров күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша бөлімшенің 2021 жылғы Арал ауданы тұрғындарын, (тұтынушыларын) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстарға баяндама жасады “Нұра топтық су құбыры” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалының «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде 41 насос стансасы, 20 дана су ұңғымасы, 1 645,27 км су құбыры желілері, оның ішінде 728,12 шақырым магистральды су құбырлары және 917,15 ішкі су тарату желісі, магистральды су құбырлары бойында 1 590 дана бақылау құдықтары және ішкі су тарату желілері бойында 4 405 дана бақылау құдықтары арқылы Арал ауданының 42 және Қазалы ауданының 23 елді мекендерінің 130 мыңнан астам тұрғындарын, 500-ге жуық шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерді ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді.

Өндірістік бөлімшеде 283 жұмысшы-қызметкер, 31 дана техника жұмылдырылған.

2021 жылы Қосаман бас су тоғанынан **4 271, 003 мың** текше метр ауыз су өндіріліп, Арал және Қазалы аудандарына **3 530, 576 мың** текше метр ауыз су таратылды.

Оның ішінде Арал ауданына **1 827, 162 мың** м<sup>3</sup> ауыз су тұтынушыларға таратылды.

2021 жылдың 04 тамызындағы №85-НҚ бұйрығымен бекітілген 1 текше метр ауыз судың магистральдық құбырлар мен таратушы желілер арқылы беру қызметіне 507,14 теңге ҚҚС-мен уақытша өтемдік тарифі 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2021 жылғы 27 тамыздағы №470 бұйрығына сәйкес Қызылорда облысының мәслихат шешімінің жобасына сәйкес, субсидиялау қағидаларының жаңа нормалары 2021 жылдың 16 тамызынан бастап субсидиялау қағидаларының 13 тармағына сәйкес бюджеттен субсидиялау 1 адамға тәулігіне 140 литр айына 4,3м<sup>3</sup> мөлшерінде ғана төленіп, нормадан асқан ауыз су көлеміне толық тарифпен төлейді.

Су есептегіші бар тұрғындарға әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне 30 теңгеден, есептегіші жоқ тұрғындар 40 теңгеден ақша төледі. Бекітілген тарифпен екі арадағы айырмашылық қаржы Республикалық бюджеттен субсидия есебінде төленіп, бұл туралы Республикадан бөлінетін субсидия толығымен игерілді.

Өндірістік бөлімше Арал ауданының 43 елді мекенінің 14318 абонентін және тұрақты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Арал ауданы бойынша су есептегіш құралымен су ішіп отырған абонент саны 14011, көше колонкасынан су тұтынушылар саны –238 және мекеме саны 493 дана.

2021 жыл бойынша 739,7 км магистральды су құбырлары бойында 51 дана ақау магистральды су құбыры желілерінде орын алып қайта қалпына келтірілді және 837,692 км ішкі су құбырлары желілерінде орын алған 54 дана ақау қайта қалпына келтірілді.

Жоғарыда көрсетілген апаттық жағдайларды қайта қалпына келтіру үшін 781 200,41 теңге қаражат игерілді. Оның ішінде, бөлімшеге қарасты ауыз су жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесі бекітіледі. Осы жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына қаржылай көрсеткіші 2 924, 013 мың теңгені құрайтын шикізат-материалдар жұмсалып, бекітілген кестеге сәйкес Арал қаласы, Жақсықылыш кенті, Сексеуіл кенті, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар жүйелі түрде барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

2021 жылы 1083 дана су есептегіш құрылғылары жаңадан ауыстырылды. Атап айтқанда:

- жеке тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 811 дана,
- заңды тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 44 дана,
- жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату - 226 дана.
- Заңды тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату – 2 дана

**Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.**

- Сексеуіл – Арал бағытындағы ескі ТНГ 1000 су құбырының бойынан 7 ақау, оның ішінде 1 ақауды 5 метр ТНГ 1000 мм құбырға алмастыру жұмыстары жүргізілді. Қалған 6 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Арал – Аралқұм бағытындағы ТНГ 1000 су құбырының бойынан орын алған 2 ақауды темір листпен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Аралқұм- Қамыстыбас аралығындағы ТНГ 800 магистральды су құбырлары бойындағы орын алған 6 ақауды темір листамен қаптап жөндеу жұмыстары жүргізілді.

**Ауыз судың сапасы бойынша атқарылған жұмыстар:**

Жоспарлы түрде көктем-күз айларында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық магистралды және ішкі су тарату желілеріне, су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары

жүргізілді. Алдағы уақытта бөлімше тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жоспарлаған жұмыстарын жалғасытыра береді.

Ауыз су тұтынушылар атынан Арал қаласы К. Өтенов көшесінің тұрғыны Ө. Бүркітбаев жыл көлемінде ауыз-сумен үздіксіз қамтамасыз ету барысында атқарылған жұмыстарына оң бағасын беріп, бөлімше қызметкерлеріне алғысын берді.

#### Қорытынды:

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты – сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Е. Ақпаев

Хатшысы:



Қ. Бақытов

## ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

«01» сәуір 2022 жыл

**«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың қорытындысы бойынша суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.**

Тыңдаудың төрағасы: Е. Акпаев – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директор орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Ә.Ахмет – Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.
  2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы-Ж.Балмағанбет.
  3. Б.Абибуллаев – Қазалы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы.
  4. А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры.
  5. Қ.Жанжігітов «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.
  6. Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы.
  7. Т.Алданазаров - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
  8. Е.Мұхаш – «ҚЭТТК" АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы.
  9. Н.Аймағамбет - Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше басшысының орынбасары.
  10. Хатшы - Ж. Әбдібай - Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің есепшісі.
- Тұрғындар: Шоқай көшесі № 1 үйдің тұрғыны Жалғасбаев Дасқал Әл-Фараби көшесі №26 үйдің тұрғыны Нұржігітов Мұрат, Желтоқсан көшесі № 110 үйдің тұрғыны Оразалиева Кулшат Әбілхайырхан көшесі № 69 үйдің тұрғыны Бекетов Кадирбек, пер Кабельный көшесі № 3 үйдің тұрғыны Айтжанова Эльмира және тағы басқалар

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

1. Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2021 жылы атқарылған жұмыстары туралы жылдық есебі. (Баяндамашы – Ә.Ахмет – бөлімше басшысы.)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директор орынбасары Е.Ақпаев есепті тыңдауды ашты.

Ә.Ахмет күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлімшенің 2021 жылы атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

“Нұра топтық су құбыры” шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның “Арал” салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінде 188 қызметкер, 17 дана техника, 23 насос стансасы, 2 дана су қыспақты мұнарасы 298,198 шақырым магистралды су құбырлары, 399,5 шақырым ішкі су тарату және 388,255 шақырым сервистік су желілері арқылы ауданның 22 елді мекені бойынша 14 987 үйде тұратын 74003 адамға, 107 бюджеттік және 377 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

2021 жылдың жоспары бойынша таратылатын ауыз судың көлемі 1 637 939 текше метр болса, нақты 1 703,414 мың текше метр таратылып, 104 пайызға артығымен орындалды. Оның ішінде: тұрғындарға таратылғаны 1 537, 166 мың текше метр, мекемелерге 166, 248 мың текше метр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылғы 04 тамыздағы №85-НҚ Бұйрығы негізінде 2021 жылдың қыркүйегінен 1 текше метр ауыз суды магистралдық құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметіне **ҚҚС-сыз 452,80 теңге, ҚҚС-мен 507,14 теңге** мөлшерінде өтемдік тариф қолданысқа енгізілді.

Халықты қолжетімді ауыз сумен қамсыздандырудың әлеуметтік маңыздылығын ескеріп, жеткізілген көлемде ауыз суды пайдаланып отырған бюджеттік және өзге де мекемелер, жеке кәсіпкерлерді қоспағанда, тұрғындардан су есептегіш құралымен текше метрі 30 теңгеден, су есептегіш құралынсыз текше метрі 40 теңгемен жеңілдетілген тарифпен төлем жиналып, қалған тариф айырмасы бюджет есебінен субсидия түрінде төленді. Көше колонкасынан тасып ішетін тұрғындар үшін бекітілген норматив бойынша адам басына тәулігіне 50 литр. Осыған сәйкес ауыз суды көшеден тасып ішетін 64 үйдің тұрғындарына, яғни 140 адамға 1 айға 1 адамға 60 теңгеден төлем жүргізілді.

**Есепті кезеңде жоспарда жоқ ақауды жөндеу жұмыстарына барлығы 337,644 мың теңге** қаржы жұмсалып, магистралды және ішкі су тарату желісі бойында болған барлық 146 ақау жөнделіп, қалпына келтірілді. Оның ішінде: магистралды су құбыры бойында - 24 ақау, ішкі су тарату желісінде - 123 ақау. Осы ішкі су тарату желісіндегі 123 ақауды таратып айтқанда Әйтеке би кентінде- 107 ақау, Қазалы қаласында - 4 ақау, Мұратбаев ауылында – 7 ақау, Пірімов ауылында – 2 ақау, Басықара ауылында -2 ақау Майдакөл ауылында - 1 ақау орын алды.

Елді мекендердегі су тарату бекеттеріне ауыз суды жеткізудің тиімділігін арттыру мақсатында Әйтеке би кентіндегі №1 су көтеру бекетінде К200-150-250 маркалы 1 дана насос қондырғысы және d-200 мм-лік 2 дана, d-150мм-лік -2 дана ашып –жабу арматураларын орнату жұмыстары жүргізілді.

Бөлімшеге қарасты ауыз су тұтынушыларын үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Сырдария өзенінің жағалауында орналасқан 1986 жылы пайдалануға берілген №2 «Су тазалау-тарату» насос станциясын Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры бойында ақаулар орын алған жағдайда іске қосуға дайындыққа келтіруге тиісті жұмыстар атқарылды. Осыған сәйкес фильтрлерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге филиалдан бөлінген 18 млн теңгенің қажетті материалдары жеткізіліп, екі камерадан тұратын 5 дана фильтрлердің ішіндегі су жүретін d-108мм-лік жарамсыз темір су құбырлары демонтаждалып, орнына d-110мм-лік полиэтилен су құбырлары салынды. Жарамсыз сүзгі компоненттері толығымен сыртқа шығарылып, жаңадан 108 тонна щебень, 192 тонна цеолит минералды компоненті салынды. Сонымен қатар d-100мм-лік 10 дана, d-250мм-лік 5 дана, d-300мм-лік 5 дана су реттегіш арматураларын ауыстыру жұмыстары жүргізілді. Су қабылдағышқа баратын «Оң жаға» каналының арнасына механикалық тазалау шаралары атқарылды. Осы «Оң жаға» каналында судың деңгейі төмен болып су алуға мүмкіндік болмаған жағдайда, тікелей дариядан су алу үшін өзен жағалауына Д-320-50 насос агрегаты орнатылып, Сырдария өзенінен II- су көтеру ғимаратында орналасқан араластырғышға (смеситель) дейін ұзындығы 113 метр ПЭ су құбыры жүргізілді.

2021 жылдың 12 айында **күрделі жөндеу жұмыстарына барлығы 1 081 теңге** қаржы жұмсалып, ішкі су тарату желісі және магистралды су құбырлары бойындағы орналасқан көру құдықтарының ішіндегі d-250 мм-лік 4 дана ашып-жабу арматуралары ауыстырылды. Ақтан батыр елді мекеніндегі №6 су көтеру-тарату бекетіне d-150 мм-лік 2 дана ашып-жабу арматуралары орнатылды.

Бөлімшенің 2021 жылы атқарылатын жұмыс жоспарына сәйкес өндірістік базаның батыс бетіндегі ұзындығы 171 метр тозығы жеткен темір-бетон плиталарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Бөлімшеге қарасты Мұратбаев ауылында жыл сайын көктем-қыс айларында жер асты тоңның еруі немесе қатуы кезінде ішкі су тарату құбырларының деформациялануынан жалғанған жерінен жиі су кететін резьбалы компрессионды муфталарының орнына d-110мм-лік 50 дана, d-160мм-лік 10 дана сырғымалы ПВХ муфталарға ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, осы жылдың 29.03-08.04.2021 және 19.09-28.09.2021 ж аралығында барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырларына және су қоймаларына **жоспарлы түрде көктемгі-күзгі маусымдық жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары** жүргізілді. Барлық су тарату бекеттерінде санитарлық тазалық, әктеу, сырлау жұмыстары атқарылды.

**2021 жылдың барлық ауыз су нысандарының аумағын жасыл желекке айналдыру мақсатында** санитарлық тазарту жұмыстары жүргізіліп, 26 нысан бойынша 4 985 дана тал отырғызылды. Бұрыннан көктеп тұрған 7735 данасын қосқанда жалпы тал саны -12 720 дананы құрайды. Сондай-ақ 1027 м2 жерге гүл егілді.

Бөлімше бойынша су құбыры бар тұтынушылардың барлығына су есептегіш құралы орнатылған. Мерзімі келген су есептегіш құралдарын ауыстыру жоспары 100 пайызға орындалды. 2021 жылы су есептегіш құралын орнату, уақыты келген су есептегіш құралдарын ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Бөлімшеде проблемалық мәселелердің бірі Әйтеке би кенті және Қазалы қаласы көшелерінде автокөлік жолдарына қиыршық тас (гравий) және асфальт төсеу жұмыстары кезінде ішкі су құбыры бойындағы көру құдықтарының жиі көміліп қалуы болып отыр. Көшелердегі гравий, асфальт астында көміліп қалған көру құдықтарының бетін ашып беру жөнінде аудан, кент әкімдіктеріне және аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне бірнеше рет хаттар жолданды. Осы мәселеге байланысты тиісті орындар көру құдықтарының шойын люктерін жол деңгейіне көтеру жұмыстарына қаржы қаралмағандығын алға тартып, келесі кезекте ескерілетіндігін мәлімдеп отыр.

Алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жалғаса береді-деп баяндамасын аяқтады.

### **Шығып сөйлегендер:**

Б.Асербаев – Қызылорда Су шаруашылығы филиалының «Қазалы су торабы» бөлімшесінің басшысы: - бөлімшенің жыл сайынғы есепті тыңдауына қатысып келемін. Басқа облыстармен салыстырғанда біздің ауданның тұтынып отырған ауыз судың сапасы жоғары болып келеді. 2021 жылы халыққа игілігі үшін біраз жұмыстар атқарылған екен. Осы жұмыстарды атқарған бөлімше ұжымына ризашылығымды білдіремін.

Е.Мұхаш – «ҚЭТТК» АҚ-ның Қазалы аудандық электр торабының басшысы:- өз сөзінде ауданымызда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде біршама игі істер атқарылып жатқандығын айта келе, алдағы уақытта бөлімшенің жұмысына сәттілік тіледі.

А.Тусипбекова – «Даулет-энерго» ЖШС-гі Қазалы филиалының директоры - Ауызбіршілігі жарасқан бөлімше қызметкерлері тұтынушыларды тұрақты ауыз сумен қамтамасыз етуде талмай еңбек етіп келеді. Үйімізден ауыз суды тұрақты пайдаланып келеміз. Оған аудан халқы дән-риза. Сонымен қатар ауылдық жерлерде сервистік су желілерімен қамтамасыз ету жобалары толық іске асқан жағдайда, ауданымызда ауыз су мәселесі түбегейлі шешілетіндігіне көзіміз жетіп отыр.

Тұрғындар атынан: Шоқай көшесі № 1 үйдің тұрғыны Жалғасбаев Дасқал  
Әл-Фараби көшесі №26 үйдің тұрғыны Нұржігітов Мұрат, Желтоқсан көшесі № 110 үйдің тұрғыны Оразалиева Кулшат  
Әбілхайырхан көшесі № 69 үйдің тұрғыны Бекетов Кадирбек, пер Кабельный көшесі № 3 үйдің тұрғыны Айтжанова Эльмира  
тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етілгендігін тілге тиек етіп, 2021 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.



## Қорытынды:

Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2021 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>ден-17<sup>00</sup>-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы



Е.Ақпаев

Хатшы:



Ж. Әбдібай

## ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

01 сәуір 2022 жыл

«Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалы Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2021 жылдың қорытынды бойынша ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Е.Ақпаев – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының директорының орынбасары

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Т.Алданазаров – «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің бастығы.
2. Ж.Балмағанбет - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
3. Қ.Жанжігітов – «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы.
4. Б.Абибуллаев – Қазалы аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы.
5. Н.Байсақалов - «Қазалы Теміржол жылу» МКК-ның бас инженері
6. С.Өтегенов - «ЛСИ-МК» ЖШС басшысы
7. Ә.Ешмуратов - «Қазалы- Су Сервис» ЖШС бас инженері
8. Хатшы – А.Ұзақбай - «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.

Тұрғындар:

Майлыбас елді мекені Майлыбас көшесі №1 үйдің тұрғыны Мамбетова  
Қалампыр, Ақсуат елді мекені Ә.Есмамбетов №3 үйдің тұрғыны Қиятбаева  
Ақзибаш, Байқожа елді мекені Байділдаев №7 үйдің тұрғыны Абдирахманов  
Жаңабай, Көбек елді мекенінің тұрғыны Бажабаева Шакизада және тағы басқалар.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

1. «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бойынша 2021 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылдық есебі. (Баяндамашы – Т.Алданазаров – бөлімше бастығы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директорының орынбасары Е.Ақпаев тыңдауды ашты.

Т.Алданазаров күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлімшенің 2021 жылы атқарылған жұмыстары бойынша баяндама жасады.

«Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі аудан көлемінде 8 елді мекенді, атап айтқанда: Байқожа, Ақсуат, Еңбекші қазақ, Майлыбас, Қызыләскер, Көбек, Ойынды, Алтай ауылдарын және Әйтеке би кентіндегі 3 көшесі бойынша тұратын тұрғындарын 17 бюджеттік және 33 шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де мекемелерге таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

«Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде 36 қызметкер жұмыс жасайды, 2 дана авто к-лік пен 1-дана арнайы техника, 6 су көтеру-тарату бекеті, 5 дана су көтеру ұңғымасы, 91 шақырым бас су құбырлары және ішкі су құбырлары арқылы тұтынушыларға ауыз су тарату қызметін көрсетуде.

«Нұра топтық су құбыры», «Арал» СЖКБД филиалының «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2021 жылғы нақты өндірген ауыз су көлемі **243 480,83 мың м3** және таратылған ауыз су көлемі де **208 029,800 мың м3** құрайды. Су шығыны **35 451,03 мың м3** – 14,56 % құрап отыр.

2021 жылы ауыз су құбыры бойында 41 ақау орын алып, қалпына келтірілді. Оның ішінде д-250 мм ПВХ магистральды су құбыры бойында 20 ақаулық жағдай тіркеліп, ішкі су құбыры бойында 21 ақаулық жағдай тіркелді.

2021 жылды жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес шикізат материалдарға 1 625,129тг қаражат жұмсалып, жоспарданн 150 пайыз артық игерілді.

Жоспарлы түрде көктем-күз айларында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық магистральды және ішкі су тарату желілеріне, су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

2021 жылға жоспарланған жұмыстар бойынша ішкі су құбыры бойында орнатылған 203 дана көру құдығы, магистральды су құбыры бойындағы 64-дана көру құдығының 64-данасы лай қоқыстарынан тазартылып, су тарату нысандары аумақтарында орнатылған көру құдықтарының беттері цемент растворумен сыланып, барлық 32 –дана өрт сөндіру гидранттарына уақытылы күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Барлық су тарату бекеттерінде ашып –жабу реттегіш арматураларына насос қондырғыларына күтім жасалды. Насос станцияларындағы ғимараттарына кіріп-шығу темір ескі қақпалары, аула сыртындағы қоршауларды түзетіп, әктеу, есік-терезелерін сырлау, дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.

«Қазалы ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» бөлімінің қаржыландыруы арқылы Ойынды разъездіне 320 метр д-63мм ПЭ ішкі су құбыры жүргізіліп, ауыз су тұтынушы 16-тұрғын үйге сервистік су құбырлары тартылып, су есептегіш құрылғылары орнатылды.

### Шығып сөйлегендер:

Қ.Жанжігітов— «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының су нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы 2021 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын тыңдап оң бағасын бере отырып алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.


Тұрғындар атынан: Майлыбас елді мекені Майлыбас көшесі №1 үйдің тұрғыны Мамбетова Қалампыр,Аксуат елді мекені Ә.Есмамбетов №3 үйдің тұрғыны Қиятбаева Акзибаш,Байкожа елді мекені Байділдаев №7 үйдің тұрғыны Абдирахманов Жанабай,Көбек елді мекенінің тұрғыны Бажабаева Шакизада тәулік бойы ауыз сумен қамтамасыз етілгендігін тілге тиек етіп,2021 жылы өндірістік бөлімшенің нәтижелі атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

### Қорытынды:

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесіне 2021 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушылар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.


Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>ден-17<sup>00</sup>-ге дейін.

Тыңдаудың төрағасы:



Е.Ақпаев

Хатшы:



А.Ұзақбай